«Бекітемін»

№ 1. О.Есімов атындағы жалпы білім беретін

мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

директоры у.м.а: ____________ Б.Бухарбаев

# Түркістан облысы Келес ауданының білім бөлімінің кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық қатынастың, бала еңбегін қанаудың, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында №1 О.Есімов атындағы атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесімен 2024-2025 оқу жылдарына арналған кешенді бірлескен іс-шаралар ЖОСПАРЫ

**Келес -2024-2025 оқу жылы.**

ACE Scanner

«КЕЛІСЕМІН»
Келес ауданының әкімінің
орынбасары
__________Д.Сариев
«_____»__________ 2024 жыл

«КЕЛІСЕМІН»
Келес аудандық ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту және
спорт бөлімінің басшысы
____________Д.Илесов
«_____»__________ 2024 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Келес ауданының білім
бөлімінің басшысы
__________Р.Жайлаубай
«_____»__________ 2024 жыл

«КЕЛІСЕМІН»
Келес АІБ-нің бастығы
полиция полковнигі
__________ Абілханұлы
«_____»__________ 2024 жыл

«КЕЛІСЕМІН»
Келес аудандық орталық
ауруханасының бас дәрігері
__________С.Исахова
«_____»__________ 2024 жыл

# Түркістан облысы Келес ауданының білім бөлімінің кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық қатынастың, бала еңбегін қанаудың, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында 2024-2025 оқу жылдарына арналған кешенді іс-шаралар ЖОСПАРЫ

Келес -2024-2025 оқу жылы.

## ЖОСПАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

-Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 03.03.2023 жылғы «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №61 бұйрығының талаптарымен жұмыс жүргізу,

-Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының талаптарымен жұмыс жүргізу,

- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының талаптарымен жұмыс жүргізу,

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментімен бірлескен «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенді жоспарын орындау,

-Аудандық полиция бөлімінің жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұратын және қараусыз қалған, тәрбиесі қиын оқушылардың есебін жүргізу, олармен жеке жұмыс жүргізуді қадағалау;

- Бала тәрбиесіне қатысты, жауапты мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың жасөспірімдердің құқықтарын қорғау жұмыстарын үйлестіру;

- Құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау ұйымдары, қоғамдық ұйымдардың жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылыққа, нашақорлыққа, діни экстремизмге жол бермеуіне және жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға, педофильдіктің алдын алуға ықпалын арттыру, тығыз байланыста жұмыс жүргізу;

- Қылмыс жасаған, қараусыз қалған және тәрбиесі қиын балаларға моральдық және психологиялық қолдау көрсету, оларды қоғамдық өмірге тарту мақсатында жұмыстар ұйымдастыру, өмірге көзқарасын дұрыс қалыптастыру;

- БАҚ арқылы тәрбие саласы қызметкерлерінің озық іс-тәжірибелерін тарату, түрлі тақырыптық хабарлар ұйымдастыру;

- Ата-аналар комитеті мен аула клубтары, мектептен тыс мекемелерді кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиімді пайдалану жұмыстарына тарту;

- Мектеп полиция инспекторларының тәуекел жағдайындағы жасөспірімдермен жұмысын нығайту.

## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- Мектеп оқушылары арасында қылмыстық іске, құқықбұзушылыққа, өз-өзіне қол жұмсауға, зорлық-зомбылыққа, жыныстық тиіспеушілікке, бала еңбегін қанауға, діни экстремизмге жол бермеу, нашақорлыққа салынудың және педофильдіктің алдын алу;
- Тәрбие жүйесінің рөлін нығайту, адамгершілік, азаматтылық, отансүйгіштік және құқықтық білім мен салауатты өмір салтының тұрақты негіздерін қалыптастыру;

## ӘЗІРЛЕУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ

- Құқықтық тәрбие жүйесін, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында атқарылатын жұмыстар жүйесін ары қарай жетілдіру;
- Жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарының дамуына бағытталған тәрбие жұмысын жандандыру, девианттық мінез-құлықты кәмелетке толмаған жасөспірімдерді психологиялық тұрғыда ояту, өмірге көзқарасын өзгерту.



PDF Scanner ACE Scanner

| *қ/с №* | *Іс-шаралар* | *Аяқтау нысаны* | *Орындау үшін жауаптылар* | *Орындалу мерзімі* | *Қажет етілетін шығын көлемі (жоба)* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **Қолданылатын заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілер, қаулылар мен хаттамалық шешімдер.** | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы* | | | | | |
| *1994 жылы Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған 1989 жылғы БҰҰ «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің хаттамалық тапсырмалары* | | | | | |
| *Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 03.03.2023 жылғы «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №61 бұйрығы* | | | | | |
| *Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментімен бірлескен «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенді жоспарын* | | | | | |
| **Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастық пен панасыздықтың алдын алу** | | | | | |
| 1 | Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, оқушылардың сабаққа қатысуының,зорлық-зомбылықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың, өз-өзіне қол жұмсаудың, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы 2024-2025 оқу жылдарына арналған кешенді апталық, айлық іс-шаралар жоспарын жасап бекітуге ұсыну | Жоспар жасақтап бекітуге ұсыну | Білім бөлімі | 2024 жыл қыркүйекте | Талап етілмейді |
| 2 | Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастықтың, панасыздықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз аймақ», «Жасөспірім», «Түнгі балалар», «Қылмыссыз балалық шақ» атты аудандық апталық, айлық акциялар мен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру және БАҚ-ы арқылы жұртшылықты ақпараттандыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі аудандық жергілікті полиция қызметі, аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | Жоспарға сәйкес | Талап етілмейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Ауыл әкімшіліктерінің аумағындағы криминогендік жағдайы нашар көшелер мен аулаларды жарықтандыруға ұсыныс беру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері Жергілікті полиция қызметі | 2024 жылғы 1 қазан | Ұсыныс беру |
| 4 | Көп қабатты тұрғын үйлердегі қараусыз қалған жертөлелерді ұқыпты ұстау жөнінде үй төрайымдары мен тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері | 2024 жылғы 1 қазан | Талап етілмейді |
| 5 | Ауыл әкімшіліктерінің аумағындағы анықталған криминогенді аулаларға үй иелерімен және демеушілермен келісе отырып бейне бақылаулар орнату жұмыстарын ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері Жергілікті полиция қызметі | 2024 жылғы 1 қазан | Талап етілмейді |
| 6 | Әлеуметтік жағдайы төмен, жайсыз отбасыларын аудандағы зиялы қауым өкілдеріне, құрметті азаматтар, мәслихат депутаттарының қамқорлығына бекітуді ұйымдастыру және отбасы мүшелерін арнайы курстардан өткізіп жұмыспен қамтуды үйлестіру. | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері,Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, аудандық қамқоршылық кеңесі,аудандық ата-аналар комитеті. | 2024 жылғы 1 қараша | Талап етілмейді |
| 7 | Аудан аумағындағы қараусыз бос тұрған ғимараттарды зерделеп, мәлімет дайындау | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері | 2024 жылғы 1 қараша | Талап етілмейді |
| 8 | Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың алдын алу жөніндегі іс-шараларды дайындауға және өткізуге жергілікті атқарушы орган, прокуратура, полиция бөлімінің, аудандық қамқоршылық кеңесінің, аудандық ата-аналар комитетінің, үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлерімен бірлескен мобильдік топ құру | Мобилдік топ құру | Білім бөлімі | 2024 жыл 1 қазан | Талап етілмейді |
| 9 | Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың алдын алу жөніндегі бірлескен мобильдік топ отырыстарын көпшелі түрде қылмыс орын алған аумақтарда ата-аналардың қатысуымен өткізе отырып, ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің жауапкершілігін арттыру | Мобильдік топ отырыстары | Білім бөлімі | Қажеттілігіне қарай | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Келес ауданының құрметті азаматтарының, аудандық мәслихат депутаттарының, өнер, спорт жұлдыздарының қатысуымен жергілікті «Сәт» телеарнасы арқылы тоқсанына бір рет кәмелетке толмағандар мен ата-аналарға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу | БАҚ жариялау | Білім бөлімі | тұрақты | Жергілікті бюджеттен қаржы бөлуге ұсыныс беру |
| 11 | Кәмелетке толмағандар мен ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтары мен міндеттерін кеңінен түсіндіру мақсатында жергілікті басылымдар арқылы мақалалар жариялау | БАҚ жариялау | Білім бөлімі | тұрақты | Талап етілмейді |
| 12 | Демеушілердің көмегімен кәмелетке толмаған балалар мен ата-аналардың міндеттері және құқықтары туралы халық көп шоғырланатын және ауыл әкімшіліктерінің орталықтарына баннерлер орналастыру | Аудан әкімдігіне Бөліміне мәлімет | Ауыл әкімдері | 2024 жылғы 1 қараша | Талап етілмейді |
| 13 | Демеушілердің, мектепшілік қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар комитеттерінің көмегімен барлық білім беру мекемелерінің фойелеріне теледидар орнатып, тәрбиелік мәні бар, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін, оқушылардың патриоттық сезімін оятатын, ұлдар мен қыздардың тәрбиесі жайлы және қылмыс істеген азаматтардың өкініштері мен түзету коллонияларынан көрсетілім көрсетуді ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне Бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшыларына | тұрақты | Талап етілмейді |
| 14 | Оқушылардың сабақ уақытында бейне камерасы, фотоаппараты бар ұялы телефондарды (смартфон) ұстамау туралы ата-аналар жиналысының күн тәртібіне енгізіп, 2024 жылғы 1 қазанына дейін түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшыларына | 2024 1 қазан | Талап етілмейді |
| 15 | Тәрбиеге кері әсер ететін, өз-өзіне қол жұмсауға, ерте жүктілікке итермелейтін әлеуметтік желілерді тұтынушы оқушыларды анықтау мақсатында информатика пәні мұғалімдерін бекітіп, анықталған оқушылармен құпия түрде жұмыс жүргізуді ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшыларына | тұрақты | Талап етілмейді |
| 16 | Құқық бұзушылыққа бейім, тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылардың әр сабаққа қатысуы жөнінде ата-аналарға хабарлама беріп отыратын электрондық жүйедегі журналды енгізу. | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі | 2025 жылғы 1 қаңтар | Жергілікті бюджет |
| 17 | Халық көп шоғырланатын, көңіл көтеру орындарының кіре берісіне, дүкендердің алдына А-3 көлеміндегі кәмелетке толмағандар мен ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері ақпараттандырылған плакаттар орналастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл 1 қазан | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Аудандық ішкі істер бөлімінде, мектепшілік профилактикалық есепте тұратын оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында кешкі сағат 21:00-ге дейінгі спорттық үйірмелерге тарту | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| 19 | Кәмелетке толмағандар арасында орын алған құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға ай сайын салыстыру актілерін жүргізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі аудандық жергілікті полиция қызметі | ай сайын | Талап етілмейді |
| 20 | Кәмелетке толмағандардың, оның ішінде қолайсыз және күнкөрісі төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында, мектепшілік есепте тұратын оқушылардың туған еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін тарихи орындарға алып баруды қамтамасыз ету. | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі аудандық кәсіпкерлік бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | №1 қосымшаға сәйкес | Демеушілер есебінен |
| 21 | Мектеп оқушыларының оның ішінде қолайсыз және күнкөрісі төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында, мектепшілік есепте тұратын оқушыларды, кәсіпорындарға, түзету коллонияларына, прокуратура, ішкі істер бөлімдеріне саяхатка алып бару, шоктік терапия ұйымдастыру және БАҚ-ы арқылы жұртшылықты ақпараттандыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі аудандық жергілікті полиция қызметі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | №2 қосымшаға сәйкес | Талап етілмейді |
| 22 | Кәмелетке толмаған арасында құқық бұзушылық пен қылмыс, зорлық-зомбылық, қайғылы оқиғалар мен төтенше жағдайлар орын алған жағдайда шұғыл электронды құралдар арқылы және бір тәулік ішінде жазбаша мәлімет беру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Орын алған уақытта | Талап етілмейді |
| 23 | Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың, нашақорлықтың алдын алу мақсатында жалпы білім беру мекемелерінде құзіретті мекеме қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинар-кеңестер өткізу және БАҚ-ы арқылы жұртшылықты ақпараттандыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі аудандық жергілікті полиция қызметі, аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | №3, №4,№5,№6 қосымшаларға сәйкес | Талап етілмейді. |
| 24 | Оқушылардың суық қару, адам өміріне қауіпті заттар алып жүруінің алдын алу мақсатында білім беру мекемелерінде күнделікті рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| 25 | Мектеп ауласына өзге тұлғалардың кіруіне тиым салу, келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп ғимаратында және мектеп ауласында кезекшілікті жандандыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |



ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Оқушылардың сабаққа кешігіп келуінің, сабақтан себепсіз қалуының және білім алуға қажетті құрал-жабдықтарының түгел алып келуін қамтамасыз ету мақсатында күнделікті мектеп директорларының, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, кезекші мұғалімдердің, мектеп инспекторларының кезекшілігін ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| 27 | Жалпы білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысының жүргізілу, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, өз-өзіне қол жұмсаудың, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының жұмыс көрсеткіштерінің сапалылығын салыстыру және бағалау жұмыстарын жүргізу | Салыстыру жұмыстары | Білім бөлімі | Жарты жылдық қорытынды бойынша | Талап етілмейді. |
| 28 | Жалпы білім беру мекемелеріндегі ата-аналар комитеттерінің төрағалары мен төрайымдарының есебін тыңдау | Білім бөліміне ақпарат | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары, аудандық ата-аналар комитеті | Тоқсан сайын | Талап етілмейді. |
| 29 | Жалпы білім беру мекемелеріндегі қамқоршылық кеңесінің есебін тыңдау | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық қамқоршылық кеңесі | Тоқсан сайын | Талап етілмейді. |
| 30 | Оқушылар арасында әлеуметтік теңсіздікті жою мақсатында оқушылардың міндетті мектеп формасымен келуін қамтамасыз ету | Білім бөліміне ақпарат | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| 31 | Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында «Адал Ұрпақ» еріткі мектеп клубтарын құру және жұмысын жалғастыру | Білім бөліміне ақпарат | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қараша, ары қарай тұрақты | Талап етілмейді |
| 32 | «Жас Ұлан» тобының жұмысын жандандыру | Білім бөліміне ақпарат | жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| | **Бала еңбегінің алдын алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар** | | | | |



ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 33 | «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында аудандық акция ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық жергілікті полиция қызметі, аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі, аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | маусым | Талап етілмейді |
| 34 | «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында аймақтардағы кәсіпкерлерге семинар-кеңес өткізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Ауыл әкімдері, Білім бөлімі | мамыр | Талап етілмейді |
| 35 | «Бала еңбегін қанаудың алдын алу» мақсатында базарларда, қоғамдық көліктерде, автожуу бекеттерінде және өзге де орындарда профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып, анықталған жасөспірімдерді оқумен және түрлі көмектер көрсетілуін ұйымдастыру | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық жергілікті полиция қызметі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | №7 қосымшаға сәйкес | Талап етілмейді. |
| **Балалар мен жасөспірімдерді есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін немесе улы заттардан қорғау** | | | | | |
| 36 | Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында барлық білім беру мекемелерінде тоқсан сайын спорттық және танымдық сайыстар өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Аудандық спорт бөлімі, Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | №8 қосымшаға сәйкес | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 37 | Балалар мен жасөспірімдер арасында аудандық спартакиада өткізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық спорт бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | сәуір | Талап етілмейді. |
| 38 | Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне арналған акция өткізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық жергілікті полиция қызметі, аудандық кәсіпкерлік бөлімі аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | маусым | Талап етілмейді. |
| **Жыныстық қатынастың, АИТВ/ЖИТС-тің алдын алуға бағытталған іс-шаралар** | | | | | |
| 39 | «Қауіп дәрежесі» АИТВ-ның берілу жолдары тақырыбында 9-11 сыныптар арасында құпиялылығы сақталған сауалнамалар алып, анықтау жұмыстарын жүргізу | Білім бөліміне Мәлімет,анықтама | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |
| 40 | 1 желтоқсан – Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне арналған акция өткізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық спорт бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары аудандық қамқоршылық кеңесі, аудандық ата-аналар комитеті | Қараша желтоқсан | Қалалық мәслихатқа ұсыныс беру |
| 41 | Барлық білім беру мекемелерінде «(СПИД) ЖИТС зардабы» тақырыбында бейне таспадан көрініс көрсетілімін ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Талап етілмейді |



ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 42 | «Егер сенің досың АИТВ жұқтырған болса» немесе өзге де түрлі тақырыптарда ай сайын оқушылар арасында пікірталас өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Ай сайын | Талап етілмейді |
| 43 | Дәрігер мамандардың қатысуымен ерте жүктіліктің зияндылығы, жыныстық жұқпалы аурулар туралы тоқсан сайын семинар-кеңестер, кездесулер өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| **Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу** | | | | | |
| 44 | «Қазақстан халқының рухани-адамгершілік құндылықтары және дәстүрлі діндер» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 45 | «Дәстүрлі діндер тек тыныштық пен бейбітшілікке үндейді» атты семинарлар өткізу | Аудан әкімдігіне мәлімет | Аудандық ішкі саясат бөлімі, Білім бөлімі | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 46 | «Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясаты және діни ахуал мәселелері» тақырыбында кездесулер ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 47 | «Діни экстремизм және терроризм: туындау себептері және негізгі сипаттамалары» тақырыбында кездесулер өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 48 | «Діни экстремизм мен терроризм адамзат өмірі мен болашақты болжатпас қауіп» атты кездесулер өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 49 | «Дін мен дәстүр айрылмас тағдыр» атты тәрбие сағаттарын ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |
| 50 | Діни экстремизм мен терроризмнің және кереғар діни ағымдар мен секталардың іс-әрекетінің алдын алу мақсатында оқу семинарларын, практикалық сабақтар өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | Тоқсан сайын | Талап етілмейді |

11

PDF Scanner ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жолда жүру ережесін оқыту және жол көлік апатынан жарақаттанудың алдын –алу** | | | | | |
| 51 | Білім беру мекемелерінде «Жас инспекторлар» тобын құру | Білім бөліміне мәлімет | Жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қазан | Талап етілмейді |
| 52 | «Абайлаңыз балалар!» атты айлық іс –шара ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, аудандық жергілікті полиция қызметі | 2024 жыл қазан | Талап етілмейді |
| 53 | Балалардың өмір, техника және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті полиция қызметі қызметкерлері тарапынан күнделікті мектеп маңындағы көшелерге кезекшілік ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Аудандық жергілікті полиция қызметі | тұрақты | Талап етілмейді |
| 54 | Мектеп айналасында жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар салуды ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Ауыләкімдері | 2024 жыл | Жергілікті бюджеттен қаржы қарастыру үшін ұсыныс беру |
| 55 | Ата-аналар мен оқушыларға жедел психологиялық көмек көрсететін және шұғыл түрде құқықтық кеңес бере алатын сенім телефондары мен колл-орталықтары туралы ақпараттандыру жұмыстарын ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі,жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қыркүйек | |
| **Кәмелетке толмаған балалардың түрлі оқыс оқиғалары мен құқықбұзушылықтарға қарсы жасалатын іс-шаралар** | | | | | |
| 56 | Мектептердегі сенім жәшіктеріне түскен арыз-шағымдармен, өтініштермен, ұсыныстармен жұмыстарды жүйелеу | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, | тұрақты | |
| 57 | Жұмыссыз отбасыларын анықтау, оларды тіркеу және олармен профилактикалық шаралар ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Ауыл, қала, кент әкімдері, Білім бөлімі | тұрақты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 58 | Сотталған ата-аналар және ішімдік ішетін, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін құқық қорғау органдарының назарындағы «тәуекел тобындағы» отбасыларында тәрбиеленіп жатқан балаларды ықтимал зорлық-зомбылықтан сақтандыру шаралары бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және тұрақты түрде жүргізу | Білім бөліміне мәлімет | Жергілікті полиция қызметі, Білім бөлімі, Ауыл әкімдері | тұрақты | |
| 59 | Инклюзивті білім беруді қажет ететін балаларды анықтау жұмыстарын жүргізу | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | |
| 60 | Оқушылар және ата-аналармен профилактикалық іс-шараларды өз деңгейінде ұйымдастыру және жүргізу | Білім бөліміне мәлімет | Жергілікті полиция қызметі, Білім бөлімі | тұрақты | |
| 61 | Ювеналды полиция қызметкерлеріне өзге жүктемелердің, құзіретіне сай емес тапсырмалардың берілмеуін қадағалау | Білім бөліміне мәлімет | Жергілікті полиция қызметі | тұрақты | |
| 62 | Жалпы білім беру мекемелерін бейнекамералармен қамтамасыз ету және толыққанды жұмыс істеуін ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | тұрақты | Жергілікті бюджеттен қаржы қарастыру үшін ұсыныс беру |
| 63 | Келес ауданында орналасқан мектептердегі медицина қызметкерлерінің санының нормаға сәйкестендіру жұмыстарын ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Орталық аурухана | | |
| 64 | Мектептердегі медициналық кабинеттерге бірреттік қағаз сүлгі, шыны қақпағы бар медициналық стол, аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған тиісті 4-5 шина, бірреттік жаймалармен, бөлмені жинауға арналған күңгірт халатпен қамтамасыз ету | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, Орталық аурухана | 2024 жыл тамыз | Жергілікті бюджеттен қаржы қарастыру үшін ұсыныс беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 65 | Медициналық құжаттарды талапқа сай рәсімдеу үшін арнайы семинар өткізу | Білім бөліміне мәлімет | Орталық аурухана, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл тамыз | |
| 66 | Ауыз су режимін тиісті дәрежеде ұйымдастыру | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қыркүйек айынан бастап тұрақты | |
| 67 | Мектеп асханаларындағы ыдыс-аяқтарды жууға жағдай жасау, тәуліктік сынамалар алуды қатаң бақылауға алу | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қыркүйек айынан бастап тұрақты | |
| 68 | Бракераждық комиссия құру | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл тамыз | |
| 69 | Мектеп асханаларында тиым салынған заттардың сатылуына қатаң бақылау жасау | Білім бөліміне мәлімет | Білім бөлімі, жалпы білім беру мекемелерінің бірінші басшылары | 2024 жыл қыркүйек айынан бастап тұрақты | |
| 70 | «Тәуекел тобындағы» отбасыларына әлеуметтік-психологиялық, медициналық және заң көмегін көрсету, әлеуметтік жәрдемақылар алу үшін құжаттарды рәсімдеу, жұмысқа орналасуға көмектесу жолдарын қарастыру | Білім бөліміне мәлімет | Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Ауыл әкімшілігі. Білім бөлімі, Орталық аурухана. Жергілікті полиция қызметі | 2024 жыл тұрақты | |

**Түзген,**
**Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары :** **Б.Бухарбаев**
**А.Тилеуова**

14

Шнурланған 14 беттен тұрады.
«№1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мөрімен мөрленген.

Мектеп директорының у.м.а: Б.Бухарбаев